АННОТАЦИЯ

8D01101 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстан мен Қытайдағы педагогикалық және психологиялық өлшемнің даму тарихы мен тенденцияларын трансмәдени талдау» тақырыбындағы Чжоу Мидің диссертациялық жұмысына

Зерттеудің өзектілігі. Қоғамды және білім беруді цифрландыру педагогикалық және психологиялық іс-әрекеттің білім беру жүйесіндегі нәтижелерін өлшеу, адамның тұлғалық психикалық ерекшеліктері сияқты мәселелерді өзектендіріп отыр. Әлемдік педагогикада мұндай үрдіс қоғамның компьютерлендірілуі мен интернеттендірілуінің ылыми-техникалық прогрес ретіндегі өлшеу әдістерін ендіру, білім беру теориясы мен психологиялық білімдерді кеңінен тарату бойынша педагогикалық салыстырмалы және кросс-мәдени зерттеулердің жүргізілуімен негізделеді. Батыс елдерінің,сондай-ақ отандық ғалымдардың бағалауы бойынша психодиагностика және педагогикалық өлшеулердің тарихы азия құрлығынан бастау алған екі мыңжылдықтан астам уақытпен саналады. Психометрияның ғылыми дамуы XX ғасырдың басындағы әлемдегі барша халықты жаппай оқыту стратегиясының белсенді жылжуында қуатты серпін алды. Педагогикалық өлшеулер оқушылардың білімін бағалаудың заманауи бағыты ретінде XX ғасырдың 60-70 жылдарында белсенді түрде тарала бастады. Психодиагностика білім беру жүйесіне еніп, педагогикалық өлшемдердің әдістерінің дамуына әсер етті. Білім берудің жаһандануы мен интернационалдануы өлшеу әдістерін әлемдік таратуға, әдістердің бір елдің аумағынан екінші бір елдің аумағына өтуіне ықпалын тигізеді. Бұл зерттеу мәселесін алдын ала айқындауға септеседі.Педагогикалық өлшеулер оқушылардың академиялық жетістіктерін, оқу қабілеттіліктерін және моральдық қасиеттерін бағалауға мүмкіндік береді. Гуманистік және тұлғалық-бағдарлы тұғырларға бағытталған заманауи білім беру тұжырымдамалары мен парадигмалары оқушылардың оқу әрекеттерін өмір бойы дұрыс, сауатты бағыттай алулары үшін олардың мотивтері мен қызығушылықтарын, жекедаралық ерекшеліктерін анықтауды талап етеді.

Зерттеудің қарастырылу деңгейі. Қазақстанда салыстырмалы педагогикалық зерттеулердің әдіснамасымен А.Қ. Құсайынов, Г.Қ. Нұрғалиева, К.С. Мусин, Ш.Т. Таубаева және т.б. ғалымдар айналысты. Бұған дейін осы мәселені кеңес ғалымдары З.А. Малькова, Б.Л. Вульфсон, А.Н. Джуринский және т.б. қарастырған. Қазақстан педагогикасы мен білім беру тарихын Т.Т. Тәжібаев, А.И. Сембаев, Г.М. Храпченков, А.К. Игібаева, Г.К. Ахметова, А.Д. Қайдарова, А.Н. Ильясова, А.Н. Көшербаева және т.б. зерттеген. Критериалды бағалау мәселелерін О. Можаева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденова, Н.С. Алғожақызы, Х.Т. Масимова, тапсырмаларды жобалау және құзыреттерді бағалау мәселелерін Г.С. Примбетова, Г.Ж. Менлібекова, Л.А. Шкутина, Г. Майер, К.Л. Полупани, С.К. Әбілдина және т.б. Шетелдік авторлардан бұл тақырыпта Н.Г. Трапянок және т.б. зерттеген. Қытай педагогикасының тарихы Хуан Шаоцзи, Чжан Хоучу, Го Цинке, Хуан Гуаньянның еңбектерінде қарастырылған. Қазақстан психологиясының тарихын зерттеуге К.Б. Жарикбаев, М.К. Ахметова, К.Г. Шерьязданова; психодиагностика тарихына – Л.Ф. Бурлачук, А.Брок, М.М. Дудина, Ци Шуцин, Дай Хайзаки және басқалар өз үлестерін қосты. Аталған мәселені зерделеу Қазақстанда және Қытайда психодиагностика мен педагогикалық өлшемдер бойынша жүргізілген

зерттеулердің динамикалық өсуін байқатады. XX ғасырдың 20-30 жылдарында тесттерді Қазақстанда алғашқылардың бірі болып С.Балаубаев, ал Ресейде Н.П. Архангельский қолданған. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңінде диагностикалық әдістерді валидтеу және оларды дамытуды алға жылжытуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің психологиялық ғылыми мектебінің өкілдері С.М. Джакупов, О.Х. Аймаганбетова, М.П. Кабакова және т.б. үлесін қосты. Ресейде әлеуметтік бейімделу бойынша психологиялық сауалнамаларды әзірлеумен В.В. Гриценко және т.б. айналысты. Сөйтіп, психодиагностиканың және педагогикалық өлшемдердің қазіргі әлемдік даму деңгейі мен аталған зерттеу мәселесінің болашақ стратегиялық даму үрдістерінің синхронизациясының салыстырылып отырған елдердегі әлсіз зерттелгендігі арасындағы; диагностикалау әдістері немесе өлшемдердің өзара пайдалану мүмкіндіктерін анықтау арасындағы; нақты бір елдердегі психологиялық-педагогикалық өлшемдер саласы бойынша жинақталған тарихи тәжірибенің өзіндік ерекшеліктерінің және жалпы дамуының арасындағы; азиялық аймақтағы елдердің білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің тәжірибесі мен бағыттарын тарату мүмкіндігі және олардың стратегиясы мен тұғырларын өзара байыту үшін әлемдік және аймақтық үрдістерді қатыстыру қажеттігі арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігі байқалды .

Зерттеу нысаны: Қазақстанның және Қытайдың білім беру жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық өлшеулердің тарихи даму процесі . **Зерттеу пәні:** Қазақстан мен Қытайдағы психологиялық-педагогикалық өлшеулердің тарихи эволюциясы және даму үрдістері.

Зерттеу мақсаты: Қазақстандағы және Қытайдағы психологиялық-педагогикалық өлшеулердің даму кезеңдері мен үрдістерін теориялық негіздеу, зерттеліп отырған елдердегі мектеп оқушыларының психикалық денсаулығын, психологиялық-педагогикалық тестілерді эмпирикалық апробациялау.

Зерттеу міндеттері:

1 Қазақстандағы және Қытайдағы психологиялық-педагогикалық өлшеулердің даму тарихының кезеңдерін анықтау, оларды салғастыру мен салыстыру.

2 Қазақстан және Қытайдағы психологиялық қызметтердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін анықтау, даму үрдістерінің жалпы және өзіндік айрықша белгілерін талдау.

3 Қазақстан және Қытай мектептерінде психологиялық тесттердің қолданылу ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасау.

4 Қазақстан және Қытай білім беру жүйесінде психологиялық тесттерді эмпирикалық тексеру және бейімдеу.

5 Мектептегі психологиялық қызметтердің даму үрдістерін анықтау және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің болжамы: *егер,* Қазақстандағы және Қытайдағы психологиялық-педагогикалық өлшемдердің тарихы мен даму тәжірибесін зерделеп дәйектейтін болсақ, *онда* даму үрдістерінің жалпы және өзіндік ерекшеліктерінің белгілерін анықтауға психологиялық қызметті жетілдіруге және психологиялық-педагогикалық тестерді қолдануға ғылыми негізделген ұсыныстар даярлауға мүмкіндік туады, *өйткені* мұнда психологиялық-педагогикалық өлшемдер мен қызметтің ғылыми негізделген үрдістері және бұл елдерде тестерді қолдаудың бірыңғай (ұқсас) құралдары мен олардың спецификалық айырмашылықтары айқындалады.

Зерттеудің жетекші идеясы: Тарихи эволюцияны трансмәдени талдау Қазақстан мен Қытайдағы психологиялық-педагогикалық өлшеулердің даму кезеңдерін анықтауға, жаһандану дәуіріндегі психологиялық-педагогикалық өлшеулердің аймақтық ерекшеліктерінің даму қарқынын салыстыруға; білім беру ұйымдарында жаңа диагностикалық әдістерді белсенді қолданудың теориясы мен тәжірибесін өзара байытуға, екі елдегі алдыңғы қатарлы озық тәжірибені пайдалану және білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ететін бірыңғай үрдістерді және аймақтық, елдік айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері: *теориялық әдістер:* зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру және салғастыру, жалпылау, жинақтау және жүйелеу, даму кезеңдерін дәуірлеу, жіктеу, болжау, модельдеу және жобалау, тарихи талдау, салыстырмалы-педагогикалық талдау, мәліметтерді жинау және жалпылау; *эмпирикалық әдістер:* академиялық өзіндік тиімділік шкаласы (ASES); жеке тұлғаның «Үлкен бестігі»; Дж. Биггстің терең оқыту мотивациялық шкаласы; жасөспірімдерге арналған әлеуметтік қолдау шкаласы; жасөспірімдердегі күйіп кету шкаласы және т.б.; *статистикалық зерттеу әдістері:* Спирменнің корреляциялық талдауы, Стьюденттің Т-өлшемі, дисперсиялық талдау. Деректерді статистикалық өңдеу SPSS 23 бағдарламасы арқылы жүргізілді.

Зерттеу базасы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қытай Цзянси Университеті, Хайлар (ҚХР) қаласындағы №2 мектеп, Чжалантунь (ҚХР) қаласындағы №5мектеп, ҚазҰУ бейінді мектебі,Шымкент (Қазақстан) қаласындағы «Бірінші» мектеп.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

-Қазақстандағы және Қытайдағы психологиялық-педагогикалық өлшемдердің даму кезеңдерін салыстыру екі елдегі педагогикалық-психологиялық өлшемдердің дамуындағы ортақ және ерекше үрдістерді, осы бағыттың ғылыми-білім беру қызметіндегі даму қарқынын анықтауға мүмкіндік берді. XX ғасырдағы осы бағыттың даму қарқыны шамамен 20-30 жылды құрағаны, ал содан кейінгі үзілістен соң, XX ғасырдың 70-80 жылдарынан өнімді даму кезеңі басталғаны анықталды.

-Қазақстан және Қытайдағы мектептегі психологиялық қызметтердің дамуын салыстыру ұқсас тенденциялар мен айырмашылықтарды анықтауға, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайда психодиагностиканы дамыту үшін ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

-Қазақстан және Қытай мектептерінде психометриялық әдістерді қолданудың мәдениетаралық талдауы жүзеге асырылды, оның негізінде Қазақстан мен Қытайдың білім беру жүйесіне диагностиканың жаңа әдістерін ілгерілету ұсынылды.

-Қазақстандық және қытайлық оқушылардың невротизмді, өзіндік тиімділікті, оқыту қабілетін, оқудағы мінез-құлықты, субъективті және объективті қолдауды және оқу мотивациясын өлшеу бойынша деректер, сондай-ақ қытайлық оқушылардың психикалық әл-ауқаты туралы эмпирикалық деректер алынды.

-Қазақстан және Қытайдың мектептеріндегі психологиялық қызметтің гіпсихологиялық-педагогикалық диагностика эволюциясы үдерісінде ұқсастықтары мен айырмашылықтар анықталды, бұл тиісті ұсыныстарды әзірлеуге негіз болды. Қазақстан мен Қытайда педагогикалық және психологиялық өлшемдер саласындағы зерттеулерді дамытуға жәрдемдесу бойынша ұсыныстар берілді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: психологиялық-педагогикалық өлшемдердің ұсынылған кезеңдері мен анықталған даму үрдістері ,сонымен қатар педагогикалық және психологиялық тестердің Қазақстанда және Қытайда қолдануындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар аталған елдердегі психология және педагогика ғылымдарының дамуына айтарлықтай үлес қосады; бұл зерттеу Қазақстандағы және Қытайдағы психологиялық қызметтерді жетілдіруге арналған ұсынымдар әзірлеуге және білім беру психологиясы саласы бойынша алдағы зерттеулерге негіз бола алады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Зерттеудің эмпирикалық бөлімінің нәтижелері,атап айтқанда психологиялық тестерді байқаудан өткізу және алынған нәтижелер Қазақстан мен Қытай мектептеріндегі оқыту ерекшеліктерін, оқушылардың психикалық денсаулығын диагностикалауда қолданылатын әдістерді кеңейтуге ықпал етеді.Тестілеу әдістерін екі елде де қолдануға және тексеруге болады. Қазақстандағы және Қытайдағы психологиялық-педагогикалық өлшемдер тәжірибесін жалпылау негізінде екі елдің де білім беру жүйесін дамытуға арналған практикалық ұсыныстар жасалды. Диссертация материалдарын психология және педагогика мамандығы бойынша студенттерді бакалавриатта және магистратурада оқытуда пайдалануға болады. Іске асыру актісі алынды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1.Қазақстан мен Қытайдағы педагогикалық-психологиялық өлшемдерінің нақты толқынды дамуы екпінді дамудан практиканың тоқтауына және XX-ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап қалпына келуіне дейін қалыптасты. Қазақстан үшін алғашқы даму циклі 16 жылға жуық, Қытай үшін - 30 жылға жуық уақытты алды. Екінші серпін ішінара адамдардың психикалық денсаулығын бағалауға деген сұраныстың әлемдік үрдістерімен байланысты болды. XX ғасырдың 80 - жылдарынан бастап психологиялық-педагогикалық өлшеулер Қытай мен Қазақстандағы практикалық қызмет ретінде интенсивті дами бастады. Қазақстан психологтары диагностикалық жұмыстарды балаларды мектепке қабылдауда, кәсіби бағдар беруде белсенді түрде ; Қытайда оқушылардың психологиялық денсаулығының алдын алуда жүргізеді.

2.Екі мемлекет те білім беру мекемелерінде психологиялық кеңес беруді қарқынды дамытып келеді, алайда, психологиялық кеңес беру үрдісінің басталуында уақыт жағынан Қазақстан мен Қытайдың арасында біршама айырмашылық бар. Қазақстан психологиялық кеңес беруді өзінің білім беру мекемелерінде 1980 жылдардың соңында енгізді, ал Қытайда бұл үрдіс салыстырмалы түрде жақында, яғни соңғы он жылда жаңадан басталған еді. Атап өтетін болсақ, қазіргі уақытта екі ел де өздерінің білім беру мекемелеріндегі психологиялық кеңес қызметін стандарттау мен оның дамуына баса назар аударып отыр.

3.Қазақстан және Қытай мектептеріндегі психодиагностика әдістерін қолдануды трансмәдени талдау әр елдің тарихи, мәдени және ұйымдастырушылық ерекшеліктерінде көрініс тапқан психометрия әдістеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

4.Психологиялық-педагогикалық өлшемдерді салыстыру кросс-мәдени ерекшеліктердің қазақстандық және қытайлық оқушылардың психикалық денсаулығына әсер ететінін көрсетті: А) Академиялық өзіндік тиімділікті бағалауда қазақстандық мектептерде қытай мектептеріне қарағанда айтарлықтай айырмашылықтар бар екендігі, бұған қоса қытайлықтармен салыстырғанда қазақстандық оқушылардың академиялық өзіндік тиімділікті бағалауы әлдеқайда

жоғары болғандығы байқалды. Б) Субъективті қолдауды қабылдаудың айырмашылығы екі елде әр түрлі болды;қытайлық мектеп оқушыларының қазақстандықтармен салыстырғанда әлеуметтік субъективті қолдауы аз екендігі көрсетілді. В) Қазақстандықтармен салыстырғанда қытайлық оқушыларда әлеуметтік қолдауды пайдалану жоғары болды. Бұл аталған мәдени контексттерде қолдауды пайдаланудың әртүрлі стратегияларын көрсетуі мүмкін. Г) Қазақстандық және қытай оқушыларының арасында нейротизм мен терең мотивация көрсеткіштерінде айтарлықтай статистикалық маңызды айырмашылықтар анықталған жоқ. Д) Екі жақтың да мәдени контекстіндегі екі элемент - оқытудағы бағалау (басқаша айтқанда, академиялық шектету) және тиімділік оқудағы ынтаның күйіп кетуінің негізгі сипаттамалары ретінде бөлініп көрсетілді.

5.Психологиялық-педагогикалық өлшемдердің даму үрдістерін салыстыру, сондай-ақ мектептердегі психологиялық қызметтерді дамыту негізінде іс-әрекетті жетілдіру үшін: психодиагностика және педагогикалық өлшемдер саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу; Қазақстан және қытай мектептерінде психологиялық қызметтердің қызметін кең ауқымда үйлестіру және кеңейту қажеттілігі бойынша төмендегідей ұсыныстар берілді: - Қазақстан үшін оқушыларының психикалық денсаулығы бойынша тестілерді валидациялау, шеттен алып пайдалануда батыс ғалымдарының да, азиялық ғалымдардың тәжірибелерін зерделеу; - Қытай үшін мектептің жоғары сынып оқушыларын кәсіптік бағдарлау бойынша тестерді белсенді ілгерілету және енгізу. Оқушылардың кәсіби таңдауына психодиагностика жүргізу Қытайдың кейбір аудандарында бар, бұл тәжірибені сол елдің барлық мектептерінде кеңейту;- елдердің жетекші университеттерінде психодиагностика және психологиялық-педагогикалық өлшемдер саласында кәсіби кадрлар даярлау.

Зерттеу жұмысының мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамаға сәйкестігі. Зерттеу Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сүйенеді; Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасын (Астана, ҚР БҒМ, 2019) талдаумен негізделеді; Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасына (Астана, 2022); Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасын (Астана, 2023) жүзеге асыруға бағытталған; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасын 2023-2029 жылдарға (Астана, 2023), сондай-ақ орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің ережелерінің (2022) қағидаларын жүзеге асырады. Зерттеу ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім берудегі психодиагностиканың әлемдегі және Қазақстандағы даму тарихы: кросс-мәдени талдау және валидтеу алгоритмін жасау» атты ҒЗЖ жобасы аясында орындалды.

Зерттеу нәтижелерін байқаудан өткізу және жарияланымдар. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасында талқыланып, (13.06.24, №21 хаттама) қорғауға ұсынылды. Зерттеу нәтижелері 10 ғылыми жұмыста, соның ішінде: 3 мақала Scopus деректер базасына, 4 мақала ҚР МНЕРО КОКСНВО мақұлдаған басылымдарда, 1 мақала Ресей Федерациясының Жоғары аттестаттау комиссиясы бекіткен басылымда және 3 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланған.